

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ акционерлерінің 2022 жылғы 25 сәуірге арналған жылдық жиналысының сырттай дауыс беруді жүргізу тәртібі мен процедурасы

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ акционерлерінің «ЛОТТЕ Рахат» АҚ жылдық жалпы жиналысына қатысу акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге орналастырылатын сырттай дауыс беру бюллетенін толтыру жолымен:

1. «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында;
2. «ЛОТТЕ Рахат» АҚ корпоративтік сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сырттай дауыс беру арқылы жүргізіледі:

Бұған қоса:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру алдында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі акционер мен оның дербес мәліметтері туралы ақпарат берілетін жолдарды толтыру керек.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру үшін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша сырттай дауыс беру үшін «қолдау» немесе «қарсы» яки «қалыс қалу» - дауыс беру нұсқалары бар ұяшықтардың біреуін белгілеуі немесе қол қоюы тиіс.
3. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 49-бабының 6-тармағына сәйкес:
 - 1) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер немесе оның өкілі қол қоюы тиіс;
 - 2) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге заңды тұлға – акционер немесе оның басшысы яки оның өкілі қол қоюы тиіс.

** Жеке тұлға - акционердің немесе оның өкілінің яки заңды тұлға – акционердің басшысының яки оның өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.*

3) Жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттағы дербес деректері, сондай – ақ жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелерінде, «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-тың акция иелерінің тізілімі жүйесіндегі деректері негізінде жасалған және акционер – жеке тұлға не оның өкілі толтырған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлер тізімінде көрсетілген жеке тұлға-акционерлердің жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге сәйкес келуі тиіс.

4) Акционер – заңды тұлға туралы оның құрылтай құжаттарындағы деректер, сондай – ақ заңды тұлға – акционерлердің құрылтай құжаттарының көшірмелерінде, «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-тың акционерлер тізілімі жүйесіндегі деректері негізінде жасалған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлер тізімінде көрсетілген құрылтай құжаттарының деректемелері және акционер-заңды тұлға толтырған сырттай дауыс беру бюллетені сәйкес келуі тиіс.

** Егер акционер немесе оның өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньмен бірге «Құнды қағаздар орталық депозитарийі» АҚ акция иелерінің тізілімі жүйесінде*

көрсетілген деректердің/деректемелердің өзгергенін растайтын құжаттарды (құжаттың түпнұсқасын немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесін) тапсырмаса, сәйкессіздік болған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз болып есептеледі.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционерлер:

1) Акционерлер – жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының резидент тұлғалары, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғалары):

➤ акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; бюллетеньге оның өкілі қол қойған жағдайда, акционердің және оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі мен өкілдің қол қою құқығын растайтын құжаттың көшірмесін;

2) Акционерлер-заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының резидент тұлғалары):

➤ акционердің – заңды тұлғаның уәкілетті органының басшысын тағайындау/сайлау туралы шешімінің көшірмесін;

➤ қызметке тағайындалуы туралы бұйрықтың көшірмесін;

➤ акционер-заңды тұлға басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

➤ заңды тұлға – акционердің өкілі бюллетеньге қол қойған жағдайда:

• жоғарыда аталған құжаттарға қосымша-акционер өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың және өкілдің қол қою құқығын растайтын құжаттың көшірмелерін.

3) Акционерлер – заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғалары):

➤ акционерді резиденттейтін елдің заңнамасына сәйкес, қажет болған жағдайда анықталатын апостиль қойылған/заңдастырылған, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қою құқығын растайтын құжаттарды, оның ішінде сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған адамның жеке басын куәландыратын құжаттарды (көшірмелерін) тіркеуі тиіс.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді және қажетті құжаттарды қабылдау «ЛОТТЕ Рахат» АҚ атқарушы органының нақты орналасқан: Қазақстан Республикасы, индексі 050002, Алматы қ., Зенков к-сі, 2а мекенжайы бойынша немесе сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды жіберу фактісін тіркеуге мүмкіндік беретін пошта (курьерлік) байланыс құралдарын («Қазпошта» АҚ кеңселері, DHL және басқа курьерлік қызметтер) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер **2022 жылғы 25 наурызда сағ. 09.00-ден бастап 2022 жылғы 24 сәуірде сағ. 18.00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша)** «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ына тапсырылуы тиіс.

*** Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень тапсырылған күн оның «ЛОТТЕ Рахат» АҚ кеңсесінде тіркелген күн болып саналады.**

6. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 46-бабының 3-тармағына сәйкес, 2022ж. 25 сәуірде есеп комиссиясы сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және нақты бюллетеньдердің санын және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша оларда көрсетілген дауыстарды

есептейді; акционерлердің жалпы жиналысының кворумының болуын анықтайды; дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және дауыс беруге арналған бюллетеньдерді, дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Қоғамның мұрағатына тапсырады.

7. ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беру нәтижелері қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және «ЛОТТЕ Рахат» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіппен қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізілетін болады.
8. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 45-бабының 4-тармағының екінші бөліміне сәйкес акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы ҚР “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңының 35, 36, 37, 39, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51 – баптарына және «Рахат» АҚ Жарғысына сәйкес өткізіледі.